

Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингісін жүргізу жөніндегі әдістемені бекіту туралы

Күші жойған

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2021 жылғы 4 мамырдағы № 3-НҚ нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 мамырда № 22717 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 2023 жылғы 23 тамыздағы № 16-НҚ нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 23.08.2023 № 16-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 4-тармағының 14-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 24.02.2023 № 8-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингісін жүргізу жөніндегі әдістеме бекітілсін.

2. Есеп комитетінің Жоспарлау, талдау және есептілік бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы нормативтік қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы нормативтік қаулының Есеп комитетінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы нормативтік қаулының орындалуын бақылау Есеп комитетінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы нормативтік қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитетінің Төрайымы*

Н. Годунова

Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау
жөніндегі есеп комитетінің
2021 жылғы 4 мамырдағы

Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингісін жүргізу жөніндегі әдістеме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингісін жүргізу жөніндегі әдістеме (бұдан әрі – Әдістеме) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 4-тармағының 14-1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 24.02.2023 № 8-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

2. Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингісі (бұдан әрі – рейтинг) жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – ЖАО) және орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің бизнесті ашу және жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша жүргізген жұмыстарының нәтижелері бойынша қалыптастырылады.

3. Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) мен "Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Орталық) арасында жасалған шарт негізінде Қазақстан Республикасының өңірлерінде рейтинг жүргізу бойынша зерттеу жүргізіледі, ол мынадай 2 кезеңді қамтиды:

1) Қазақстан Республикасының өңірлеріндегі рейтинг әдіснамасының имплементациясы, бұл ретте:

осы Әдістемеге 1-қосымшада көрсетілген облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары, аудандар, облыстық маңызы бар қалалар респонденттерінің іріктемесіне сәйкес өңірлерде кәсіпкерлерге пікіртерім жүргізу арқылы далалық зерттеу жүргізіледі;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 24 қарашадағы № 590 Жарлығымен бекітілген Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингінің нәтижелері бойынша арнайы сыйлық беру қағидаларына сәйкес осы Әдістемеді пайдаланылатын статистикалық деректер жинақталады.

2) рейтинг бойынша қорытынды шығару:

Пікіртерім және статистикалық деректердің нәтижелері бойынша облыстарды, Астана, Алматы және Шымкент қалаларын және жеке аудандар мен облыстық маңызы бар қалаларды бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша саралау (рейтингіні дайындау).

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 24.02.2023 № 8-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

4. Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалаларды саралауды Орталық жүзеге асырады. Орталық қалыптастырылған рейтингіні Жоғары аудиторлық палатаға ұсынады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 24.02.2023 № 8-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

5. Рейтинг дайындауды Жоғары аудиторлық палата жыл сайын 30 қазанға дейін жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 24.02.2023 № 8-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

6. Далалық зерттеудің сапасын бақылауды Жоғары аудиторлық палата Орталықтан интервьюерлердің маршруттық парақтарын және жүргізілген жұмыс туралы есептерін алу арқылы жүзеге асырады. Интервьюерлердің маршруттық парақтарын Орталық Жоғары аудиторлық палатаға далалық зерттеуді бастау алдында ұсынады. Далалық зерттеулер бойынша жүргізілген жұмыс туралы есепті Орталық Жоғары аудиторлық палатаға апта сайын, рейтингті дайындауды аяқтаған күнге дейін үш ай ішінде ұсынады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 24.02.2023 № 8-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

7. Рейтингіні сипаттау кезінде Қазақстанның өңірлері мен қалалары интегралдық индекстің мәніне байланысты бөлінеді және өңірдің немесе қаланың позициясы бес балдық жүйе бойынша айқындалады, мұнда 5 – ең жоғарғы мән, 1 – ең төменгі мән.

2-тарау. Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалардың рейтингісін айқындау

8. Рейтинг 2 деңгейге бөлінеді:

облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларын салыстыру;

аудандар мен облыстық маңызы бар қалаларды (облыстардың әкімшілік орталықтарын қоса алғанда) салыстыру.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 24.02.2023 № 8-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

9. Рейтингінің қорытындысы осы Әдістеменің 15, 16-тармақтарында көрсетілген 50% статистикалық деректердің және осы Әдістеменің 14-тармағында көрсетілген факторларға сәйкес 50% пікіртерім деректерінің негізінде қалыптастырылады.

10. Әлеуметтік пікіртерімнің нысаналы тобына шағын және орта кәсіпорындардың басшылары (соның ішінде жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары) жатқызылады.

11. Рейтингіні дайындау үшін мыналар:

1) осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша респонденттер пікіртерімі;

2) осы Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес облыстарға, Астана, Алматы және Шымкент қалаларына, аудандар мен облыстық маңызы бар қалаларға арналған статистикалық көрсеткіштердің толық жазылуы бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарға сұрау салулар жіберу арқылы алынған статистикалық деректер ақпарат көздері болып табылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 24.02.2023 № 8-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

12. Респонденттер пікіртерімдері олардың бизнес жүргізу шарттарын бағалау бойынша субъективті пікірін айқындау мақсатында мынадай:

1) реттеушілік ахуал;

2) инфрақұрылым;

3) бизнес үшін қаржының қолжетімділігі;

4) адами капитал;

5) қабылданатын шешімдердің транспаренттілігі факторлары бойынша жүзеге асырылады.

13. Облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары үшін пайдаланылатын статистикалық деректер:

1) шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі – ШОК) субъектілерінен түсетін салық аударымдары көлемінің базалық 2015 жылға қарағандағы өсу индексі;

2) есепті кезеңдегі шағын, орта кәсіпорындардың негізгі капиталына салынатын инвестициялардың өткен жылмен салыстырғандағы өсу қарқыны, пайызбен;

3) есепті кезеңдегі шикізаттық емес сектор кәсіпорындарының негізгі капиталына салынатын сыртқы инвестициялардың өткен жылмен салыстырғандағы өсу қарқыны, пайызбен;

4) ШОК субъектілерін қолдауға жергілікті бюджеттен бөлінетін қаражат көлемінің өткен жылмен салыстырғандағы өсу қарқыны, пайызбен;

5) есепті кезеңдегі жұмыс істеп тұрған ШОК-та жұмыспен қамтылғандар санының өткен жылмен салыстырғандағы өсу қарқыны, пайызбен;

6) есепті кезеңдегі ШОК субъектілерінің өнім шығаруының өткен жылмен салыстырғандағы нақты мәніндегі өсу қарқыны, пайызбен;

7) есепті кезеңдегі жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілері санының өткен жылмен салыстырғандағы өсу қарқыны, пайызбен;

8) заңды тұлғалар үшін мерзімдері бұзылып көрсетілген мемлекеттік қызметтер үлесінің өткен жылмен салыстырғандағы өсу қарқыны, пайызбен;

9) 1000 жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілеріне келетін тексерулер санының өткен жылмен салыстырғандағы өсу қарқыны, пайызбен;

10) 1000 ШОК-қа келетін ШОК-тың мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқаруға, қоғамдық бірлестіктерге, ұйымдарға, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілерге талап-арыздары бойынша жеңіп шыққан сот істері санының өткен жылмен салыстырғандағы өсу қарқыны, пайызбен;

11) республикалық бюджет есебінен ШОК өндіріс көлеміне қатысты ШОК-ты мемлекеттік қолдау көлемінің өткен жылмен салыстырғандағы өсу қарқыны, пайызбен;

12) 1000 ШОК-қа келетін мемлекеттік көмек (гранттар, кепілдіктер, кредиттер, субсидиялар, инфрақұрылым шығындары) алған жобалар санының өткен жылмен салыстырғандағы өсу қарқыны, пайызбен;

13) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТЖКБ) ұйымдарының түлектер санының өткен жылмен салыстырғандағы өсу қарқыны, пайызбен.

Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар үшін пайдаланылатын статистикалық деректер:

1) ШОК-тан түсетін салық аударымдары көлемінің базалық 2015 жылға қарағандағы өсу индексі;

2) есепті кезеңдегі жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілері санының өткен жылмен салыстырғандағы өсу қарқыны, пайызбен;

3) 100 жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілеріне келетін тексерулер санының өткен жылмен салыстырғандағы өсу қарқыны, пайызбен;

4) 100 ШОК субъектісіне келетін ШОК-тың мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқаруға, қоғамдық бірлестіктерге, ұйымдарға, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілерге талап-арыздары бойынша жеңіп шыққан сот істерінің өткен жылмен салыстырғандағы өсу қарқыны, пайызбен.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 24.02.2023 № 8-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

14. Пікіртерім деректері бойынша рейтинг кіші көрсеткіш, көрсеткіш, қосалқы фактор, фактор және интегралдық индекс сияқты 5 деңгейде есептеліп, ұсынылады.

Әрбір деңгейдің салмағы респонденттердің бизнесті жүргізу шарттары факторларының маңыздылығына деген пікіріне байланысты болады. Пікіртерім жүргізу кезінде сұрақ қойылады, онда респондент факторлардың маңыздылығын 1-ден 5-ке дейін басымдығы бойынша бағалауы керек. Әрбір басымдық балы үшін (сомада барлығы 15 балл, яғни, 1-ден 5-ке дейінгі цифрлар сомасы) мынадай формулаға сәйкес салмақ белгіленеді:

$$W_u = \frac{W_t}{S_t} = \frac{100\%}{15} = 6,66 \dots 67\%, \text{ мұнда:}$$

W_u – 1 балл үшін салмақ;

W_t – барлық 15 балл үшін салмақ;

S_t – 1-ден 5-ке дейінгі барлық балл сомасы (15).

5 балл жинайтын неғұрлым басым фактордың салмағы 33,3% құрайды.

Неғұрлым басым фактор мына формула бойынша айқындалады:

$$W_{\max} = W_u * S_{\max} = 6,66\dots67\%*5=33,3\%, \text{ мұнда:}$$

W_{\max} – кәсіпкерлер дауыс берген және ең жоғары 5 балл тағайындалатын неғұрлым басым фактордың салмағы;

S_{\max} – неғұрлым басым фактор балы.

Неғұрлым басым фактордың салмағы 6,66..67% болады.

$$W_{\min} = W_u * S_{\min} = 6,66\dots67\%*1=6,66\dots67\%, \text{ мұнда:}$$

W_{\min} – кәсіпкерлер дауыс берген және 1 балл тағайындалатын неғұрлым аз басым фактордың салмағы;

S_{\min} – неғұрлым аз басым фактор балы.

Нәтижесінде факторлардың басымдығына байланысты факторлардың мынадай салмағы айқындалады:

Фактор басымдығы	Басымдық үшін балл	Фактордың салмағы (дөңгелектелген)
1	5	33,33%
2	4	26,67%
3	3	20%

4	2	13,33%
5	1	6,67%

кіші көрсеткіштер деңгейі – әрбір кіші көрсеткіш үшін 1-ден 5-ке дейінгі бірыңғай шкалаға келтірілген, жинақталған және өңделген шығыс деректер, мұнда 1 – ең нашар, 5 – ең жақсы ықтимал өлшем;

көрсеткіштер деңгейі – көрсеткіштерге кіретін кіші көрсеткіштер бойынша балдардың орташа мәндері. Мысалы, "Көлік инфрақұрылымының сапасы мен қолжетімділігі" көрсеткіші үшін балл автомобиль жолдарының сапасы, автотасымалдауға арналған тарифтер, темір жолмен тасымалдауға арналған тарифтер және әуе тасымалына арналған тарифтер сияқты төрт кіші көрсеткіш балдарының орташа мәні негізінде қалыптастырылады;

қосалқы фактор деңгейі – көрсеткіштің салмағын ескере отырып қосалқы факторға кіретін көрсеткіштер (қосалқы факторлар көрсеткіштерінің салмағы пікіртерім кезінде кәсіпкерлер айқындайтын фактордың басымдығына және фактордағы қосалқы факторлар көрсеткіштерінің санына байланысты, сондай-ақ белгілі бір фактордың қосалқы факторлары көрсеткіштерінің салмағы тең болады) балдарының сомасы. Мысалы, "Лицензиялар мен рұқсаттар" қосалқы факторы үшін балл осы көрсеткіштердің салмағын ескере отырып, мемлекеттік органдардан барлық лицензияларды немесе рұқсаттарды алу және табиғи монополиялар субъектілерінен барлық рұқсаттарды алу сияқты екі көрсеткіш балдарының сомасы негізінде қалыптастырылады;

фактор деңгейі – қосалқы фактордың салмағын (факторлардың салмағы қосалқы факторлар көрсеткіштерінің саны мен салмағына байланысты) ескере отырып факторға кіретін қосалқы факторлар балдарының сомасы. Мысалы, "Инфрақұрылым" факторы үшін балл бизнестің дамуы үшін мамандандырылған алаңдар мен көлік инфрақұрылымы сияқты қосалқы факторлардың салмағын ескере отырып, екі қосалқы фактор балдарының сомасы негізінде қалыптастырылады;

интегралдық индекс деңгейі – рейтингінің барлық бес факторы бойынша балдардың орташа өлшемді сомасы.

15. Статистикалық деректер бойынша көрсеткіштерді есептеу үшін деректердің мәнін 1-ден 5-ке дейінгі шкала диапазонына қайта түрлендіру қажет.

Үлкенірек мән нәтиженің жақсаруын білдіретін деректерді бейімдеу үшін мына формула пайдаланылады:

$$4 * \frac{x_i - x_{min}}{x_{max} - x_{min}} + 1, \text{ мұнда:}$$

x_i – i -ші өңір үшін көрсеткіштің мәні;

x_{max} – Қазақстан Республикасының барлық өңірі бойынша көрсеткіштің ең жоғарғы мәні;

x_{min} – Қазақстан Республикасының барлық өңірі бойынша көрсеткіштің ең төменгі мәні.

Үлкенірек мән нәтиженің нашарлауын білдіретін статистикалық деректерді бейімдеу үшін мынадай нормалау формуласы пайдаланылады:

$$- 4 * \frac{x_i - x_{min}}{x_{max} - x_{min}} + 5.$$

Барлық ауыспалы мәндер 1-ден 5-ке дейінгі шкала диапазонына келтірілгеннен кейін статистикалық деректерді есептеу жүргізіледі.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 24 қарашадағы № 590 Жарлығымен бекітілген Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингінің қорытындыларын шығару жөніндегі комиссия туралы ереженің 4-тармағының 2 және 2-1) тармақшаларына сәйкес Комиссия қосымша материалдарды сұрата алады, оларды қарау бойынша Комиссия статистикалық деректердің қорытынды есебіне балдардың жиынтық көлеміне (мәні 0,1-ден 1,5-ке дейінгі аралықта болатын) түзету коэффициенттерін қолдануға құқылы.

k – коэффициент (0,1-ден 1,5-ке дейін).

Статистикалық және пікіртерім деректерінің балын есептеу ауыспалы деңгейінен (ең төменгі деңгей) бастап көрсеткіштің жалпы балына дейін (ең жоғарғы деңгей) статистикалық және пікіртерімнің қосалқы көрсеткіштері балдарын жүйелі жинақтау арқылы жүргізіледі. Бір көрсеткіш шеңберінде арифметикалық орта әдіс қолданылады.

$$P_i = \frac{\sum_{n=1}^n (i_n)}{n_i}, \text{ мұнда:}$$

P_i – көрсеткіш;

i_n – көрсеткіштің мәні;

n_i – көрсеткіштердің саны.

16. Облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары үшін қорытынды рейтингілік балды есептеу облыстар, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының

статистикалық деректерінің және облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының пікіртерім деректерінің негізінде қалыптастырылады.

Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар үшін қорытынды рейтингілік балды есептеу аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың статистикалық деректері және аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың пікіртерім деректерінің негізінде қалыптастырылады.

Ескерту. 16-тармақ жана редакцияда - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 24.02.2023 № 8-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

17. Көрсеткіштер бойынша ақпарат алуды тартылған сарапшылар респонденттерге пікіртерім жүргізу арқылы, сондай-ақ статистикалық деректерді пайдалана отырып жүзеге асырады.

18. Іріктеме Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес өңірлік және салалық қағидат бойынша қалыптастырылады. Белгілі бір сипаттамалар бойынша репрезентативті іріктеме 10 000 субъектіні құрайды. Іріктемені қалыптастырудың толық түсіндірмелері осы Әдістемеге 1-қосымшада сипатталған.

19. Белгілі бір статистикалық және пікіртерім деректері болмаған жағдайда, рейтингіні қалыптастыру салмағы қалған көрсеткіштер бойынша тең бөлінетін жоқ деректерді есепке алмай негізделеді.

20. Көрсеткіштерді кәсіпкерлік субъектілерінің санаттарына бөлу мүмкіндігі болмаған жағдайда, рейтингті қалыптастыру кезінде аталған көрсеткіштер бөлінбестен ескеріледі.

3-тарау. Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингісінің факторлары

21. "Реттеушілік ахуал" факторы бойынша бағалау алты қосалқы фактор бойынша жүзеге асырылады:

1-қосалқы фактор. ЖАО жұмысының тиімділігі:

облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО тиімділігі; аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ЖАО тиімділігі.

2-қосалқы фактор. Сыбайлас жемқорлықтың таралуы:

мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлықтың таралуы.

3-қосалқы фактор. Тексерулер:

тексерулердің жиілігі.

4-қосалқы фактор. Лицензиялар мен рұқсаттар:

мемлекеттік органдардан барлық лицензиялар мен рұқсаттарды алу;

табиғи монополиялар субъектілерінен барлық рұқсаттарды алу.

5-қосалқы фактор. Құрылыс:

жер учаскесінің нысаналы мақсатын алу немесе өзгерту;
инженерлік желілерді қосу үшін сәулет-жоспарлау тапсырмасын және техникалық шарттарды алу рәсімі;
техникалық паспортты алу рәсімі;
объектіге құқықты тіркеу рәсімі;
құрылыс процесінде мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулердің (инспекциялардың) жиілігі.

6-қосалқы фактор. Коммуналдық желілер:
объектіні инфрақұрылым желілеріне қосу үшін қаржылық шығындар;
коммуналдық қызметтер жұмысының сапасы;
коммуналдық қызметтер тарифтері.

Факторды есептеу мына формула бойынша жүргізіледі:

$F1=P1+P2+P3+P4+P5+P6$, мұнда:

F1 – "Реттеушілік ахуал" факторы бойынша жалпы баға;

P1 – 1-қосалқы фактор. ЖАО жұмысының тиімділігі;

P2 – 2-қосалқы фактор. Сыбайлас жемқорлықтың таралуы;

P3 – 3-қосалқы фактор. Тексерулер;

P4 – 4-қосалқы фактор. Лицензиялар мен рұқсаттар;

P5 – 5-қосалқы фактор. Құрылыс;

P6 – 6-қосалқы фактор. Коммуналдық желілер.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 24.02.2023 № 8-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

22. "Инфрақұрылым" факторы бойынша бағалау екі қосалқы фактор бойынша жүзеге асырылады:

1-қосалқы фактор. Инфрақұрылым объектілері:

өңірде мамандандырылған алаңдардың болуы және пайдаланылуы;

инфрақұрылым объектілерін жалға алу;

инфрақұрылым объектілерін меншікке сатып алу.

2-қосалқы фактор. Көлік инфрақұрылымы:

көлік инфрақұрылымының сапасы мен қолжетімділігі;

Факторды есептеу мына формула бойынша жүргізіледі:

$F2=L1+L2$, мұнда:

F2 – "Инфрақұрылым" факторы бойынша жалпы баға;

L1 – 1-қосалқы фактор. Инфрақұрылым объектілері;

L2 – 2-қосалқы фактор. Көлік инфрақұрылымы.

23. "Бизнес үшін қаржының қолжетімділігі" факторы бойынша бағалау екі қосалқы фактор бойынша жүзеге асырылады:

1-қосалқы фактор. Қаржылық қолдау:

қаржылық қолдау бағдарламаларына қатысу қолжетімділігі;
қаржылық қолдау алу үшін құжаттарды жинау қиындығы;
қаржылық қолдау алу кезінде көрсетілетін қызметтердің сапасы.

2-қосалқы фактор. Қаржылық емес қолдау:

қаржылық емес қолдау бағдарламаларына қатысу қолжетімділігі;
қаржылық емес қолдау алу үшін құжаттарды жинау қиындығы;
қаржылық емес қолдау шеңберінде алынатын білімнің сапасы.

Факторды есептеу мына формула бойынша жүргізіледі:

$F3 = M1 + M2$, мұнда:

$F3$ – "Бизнес үшін қаржының қолжетімділігі" факторы бойынша жалпы баға;

$M1$ – 1-қосалқы фактор. Қаржылық қолдау;

$M2$ – 2-қосалқы фактор. Қаржылық емес қолдау.

24. "Адами капитал" факторы бойынша бағалау екі қосалқы фактор бойынша жүзеге асырылады:

1-қосалқы фактор. Қызметкерлерді жалдау қиындығы:

білікті жұмыскерлер көрсететін қызметтер құны;

кадрлардың білімі мен дайындығының жалпы деңгейі;

техникалық мамандықтардың білікті жұмыскерлерін (инженерлер мен басқа да техникалық мамандар) іздеудің қиындығы;

өндірістік емес бөлімшелердің білікті мамандарын (экономистер, заңгерлер, бухгалтерлер, менеджерлер) іздеудің қиындығы;

қайта оқыту мен қосымша даярлықтың қажеттігі;

білікті кадрлардың тұрақтамауы.

2-қосалқы фактор. Кадрларды оқыту және даярлау:

өңірде қызметкерлердің құзыреттілігін арттыру үшін мүмкіндіктер;

өңірде жоғары оқу орындары және ТЖКБ ұйымдары түлектерінің сапасы.

"Адами капитал" факторын есептеу мына формула бойынша жүргізіледі:

$F4 = N1 + N2$, мұнда:

$F4$ – "Адами капитал" факторы бойынша жалпы баға;

$N1$ – 1-қосалқы фактор. Қызметкерлерді жалдау қиындығы;

$N2$ – 2-қосалқы фактор. Кадрларды оқыту және даярлау.

25. "Қабылданатын шешімдердің транспаренттілігі" факторы бойынша бағалау екі қосалқы фактор бойынша жүзеге асырылады:

1-қосалқы фактор. Мемлекеттік органдардың ашықтығы:

облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО қабылдау үшін ашықтығы;

аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ЖАО қабылдау үшін ашықтығы;

жүргізілетін реформаларды талқылау және ықпал ету мүмкіндігі;

жүргізілетін түсіндіру жұмыстарының жиілігі.

2-қосалқы фактор. Мемлекеттік органдардың сенімділік және араласу деңгейі

:

сот жүйесіне сенімділік деңгейі;

құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейі;

кәсіпкерлік қызметке араласу (рейдерлік) деңгейі.

Факторды есептеу мына формула бойынша жүргізіледі:

$F5=S1+S2$, мұнда:

F5 – "Қабылданатын шешімдердің транспаренттілігі" факторы бойынша жалпы баға;

S1 – 1-қосалқы фактор. Мемлекеттік органдардың ашықтығы;

S2 – 2-қосалқы фактор. Мемлекеттік органдардың сенімділік және араласу деңгейі.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 24.02.2023 № 8-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Бизнесті жүргізу жеңілдігі
бойынша өңірлер мен
қалалар рейтингісін жүргізу
жөніндегі әдістемеге
1-қосымша

Облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар респонденттерінің іріктемесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 24.02.2023 № 8-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

№	Елді мекен	Бас жиынтық (2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны)	Тандамалы жиынтық
	Қазақстан Республикасы	1 357 311	10 000
1	Ақмола облысы	46 564	551
2	Ақтөбе облысы	61 797	579
3	Алматы облысы	123 181	641
4	Атырау облысы	50 239	559
5	Батыс Қазақстан облысы	43 035	542
6	Жамбыл облысы	69 338	590
7	Қарағанды облысы	90 196	614
8	Қостанай облысы	52 495	563
9	Қызылорда облысы	48 657	555

10	Маңғыстау облысы	52 900	564
11	Павлодар облысы	45 809	549
12	Солтүстік Қазақстан облысы	30 331	500
13	Түркістан облысы	140 605	652
14	Шығыс Қазақстан облысы	90 453	614
15	Астана қаласы	144 769	654
16	Алматы қаласы	197 066	682
17	Шымкент қаласы	69 876	591
	Ақмола облысы	46 564	551
1	Көкшетау қаласы	16 085	111
2	Степногорск қаласы	3 281	44
3	Ақкөл ауданы	1 332	21
4	Аршалы ауданы	1 457	23
5	Астрахан ауданы	1 152	18
6	Атбасар ауданы	2 307	33
7	Біржан сал ауданы	923	15
8	Бұланды ауданы	1 352	21
9	Бурабай ауданы	5 007	59
10	Егіндікөл ауданы	503	9
11	Ерейментау ауданы	1 655	25
12	Есіл ауданы	1 220	19
13	Жақсы ауданы	861	14
14	Жарқайың ауданы	1 153	18
15	Зеренді ауданы	1 863	28
16	Қорғалжын ауданы	559	10
17	Сандықтау ауданы	1 035	17
18	Целиноград ауданы	3 748	49
19	Шортанды ауданы	1 071	17
	Ақтөбе облысы	61 797	579
20	Ақтөбе қаласы	40 755	186
21	Алға ауданы	2 121	39
22	Әйтеке би ауданы	1 175	24
23	Байғанин ауданы	1 349	27
24	Қарғалы ауданы	1 082	22
25	Қобда ауданы	1 314	26
26	Мәртөк ауданы	1 955	37
27	Мұғалжар ауданы	3 493	58
28	Ойыл ауданы	923	19
29	Темір ауданы	2 206	40
30	Хромтау ауданы	2 507	45

31	Шалқар ауданы	2 150	40
32	Ырғыз ауданы	767	16
	Алматы облысы	123 181	641
33	Талдықорған қаласы	11 419	51
34	Қапшағай қаласы	4 581	30
35	Текелі қаласы	1 455	12
36	Ақсу ауданы	3 384	24
37	Алакөл ауданы	3 586	25
38	Балқаш ауданы	1 746	14
39	Еңбекшіқазақ ауданы	18 706	64
40	Жамбыл ауданы	7 923	42
41	Кеген ауданы	2 460	19
42	Кербұлақ ауданы	3 346	24
43	Көксу ауданы	3 689	25
44	Қаратал ауданы	2 256	17
45	Қарасай ауданы	14 668	58
46	Панфилов ауданы	8 769	44
47	Райымбек ауданы	2 712	20
48	Сарқан ауданы	2 924	21
49	Талғар ауданы	10 903	50
50	Ескелді ауданы	2 830	21
51	Ұйғыр ауданы	4 540	29
52	Іле ауданы	11 284	51
	Атырау облысы	50 239	559
53	Атырау қаласы	34 874	223
54	Жылыой ауданы	5 900	105
55	Индер ауданы	1 785	43
56	Исатай ауданы	1 428	36
57	Құрманғазы ауданы	2 202	51
58	Қызылқоға ауданы	1 455	36
59	Мақат ауданы	1 219	31
60	Махамбет ауданы	1 376	34
	Батыс Қазақстан облысы	43 035	542
61	Орал қаласы	25 037	175
62	Ақжайық ауданы	1 753	36
63	Бөкей ордасы ауданы	1 003	22
64	Бөрлі ауданы	4 068	70
65	Жаңақала ауданы	1 291	28
66	Жәнібек ауданы	749	17
67	Бәйтерек ауданы	2 381	47
68	Казталов ауданы	1 352	29
69	Қаратөбе ауданы	936	21

70	Сырым ауданы	1 301	28
71	Тасқала ауданы	1 059	23
72	Теректі ауданы	1 442	31
73	Шыңғырлау ауданы	663	15
	Жамбыл облысы	69 338	590
74	Тараз қаласы	23 129	112
75	Байзақ ауданы	6 554	62
76	Жамбыл ауданы	4 457	48
77	Жуалы ауданы	4 580	49
78	Қордай ауданы	7 075	65
79	Т. Рысқұлов ауданы	4 533	49
80	Меркі ауданы	4 804	51
81	Мойынқұм ауданы	2 049	27
82	Сарысу ауданы	2 684	33
83	Талас ауданы	2 114	27
84	Шу ауданы	7 359	67
	Қарағанды облысы	90 196	614
85	Қарағанды қаласы	41 976	121
86	Балқаш қаласы	4 397	43
87	Жезқазған қаласы	5 735	51
88	Қаражал қаласы	757	10
89	Приозерск қаласы	748	10
90	Саран қаласы	2 206	25
91	Сәтбаев қаласы	2 771	30
92	Теміртау қаласы	8 790	66
93	Шахтинск қаласы	2 349	27
94	Абай ауданы	2 715	30
95	Ақтоғай ауданы	1 421	17
96	Бұқар жырау ауданы	3 210	34
97	Жаңаарқа ауданы	2 323	26
98	Қарқаралы ауданы	2 514	28
99	Нұра ауданы	1 422	18
100	Осакаров ауданы	1 918	23
101	Ұлытау ауданы	1 721	21
102	Шет ауданы	3 223	34
	Қостанай облысы	52 495	563
103	Қостанай қаласы	24 734	137
104	Арқалық қаласы	2 040	32
105	Лисаков қаласы	1 411	23
106	Рудный қаласы	6 005	71
107	Алтынсарин ауданы	492	9

108	Амангелді ауданы	920	16
109	Әуликөл ауданы	1 604	26
110	Денисов ауданы	669	12
111	Жангелдин ауданы	466	8
112	Жігітқара ауданы	1 787	29
113	Қамысты ауданы	405	7
114	Қарабалық ауданы	1 309	22
115	Қарасу ауданы	1 146	19
116	Қостанай ауданы	3 297	47
117	Меңдіқара ауданы	1 215	20
118	Науырзым ауданы	486	9
119	Сарыкөл ауданы	1 205	20
120	Бейімбет Майлин ауданы	1 060	18
121	Ұзынкөл ауданы	738	13
122	Федоров ауданы	1 506	25
	Қызылорда облысы	48 657	555
123	Қызылорда қаласы	22 070	148
124	Байқоңыр қаласы	462	9
125	Арал ауданы	3 712	58
126	Жалағаш ауданы	2 185	38
127	Жаңақорған ауданы	4 970	71
128	Қазалы ауданы	5 002	71
129	Қармакшы ауданы	3 059	50
130	Сырдария ауданы	2 322	40
131	Шиелі ауданы	4 875	70
	Маңғыстау облысы	52 900	564
132	Ақтау қаласы	30 753	189
133	Жаңаөзен қаласы	7 702	107
134	Бейнеу ауданы	2 732	53
135	Қаракия ауданы	2 022	41
136	Маңғыстау ауданы	2 524	50
137	Мұнайлы ауданы	5 250	84
138	Түпқараған ауданы	1 917	40
	Павлодар облысы	45 809	549
139	Павлодар қаласы	26 225	184
140	Ақсу қаласы	2 670	53
141	Екібастұз қаласы	8 332	114
142	Ақтоғай ауданы	624	15
143	Баянауыл ауданы	1 373	30
144	Железин ауданы	717	17
145	Ертіс ауданы	923	21
146	Тереңкөл ауданы	904	21

147	Ақжол ауданы	628	15
148	Май ауданы	671	16
149	Павлодар ауданы	1 246	28
150	Успен ауданы	637	15
151	Шарбақты ауданы	859	20
	Солтүстік Қазақстан облысы	30 331	500
152	Петропавл қаласы	16 305	165
153	Айыртау ауданы	1 442	34
154	Ақжар ауданы	763	19
155	Мағжан Жұмабаев ауданы	1 132	27
156	Есіл ауданы	852	21
157	Жамбыл ауданы	810	20
158	Қызылжар ауданы	1 664	38
159	Мамлют ауданы	890	22
160	Шал ақын ауданы	872	21
161	Аққайың ауданы	737	18
162	Тайынша ауданы	1 708	39
163	Тимирязев ауданы	700	18
164	Уәлиханов ауданы	795	20
165	Ғабит Мүсірепов атындағы аудан	1 661	38
	Түркістан облысы	140 605	652
166	Түркістан қаласы	10 726	47
167	Арыс қаласы	3 513	23
168	Кентау қаласы	8 488	42
169	Бәйдібек ауданы	4 509	28
170	Жетісай ауданы	14 949	56
171	Келес ауданы	8 095	41
172	Қазығұрт ауданы	8 995	43
173	Мақтаарал ауданы	10 305	46
174	Ордабасы ауданы	10 620	47
175	Отырар ауданы	4 763	29
176	Сайрам ауданы	15 309	56
177	Сарыағаш ауданы	14 921	56
178	Созақ ауданы	3 125	21
179	Төлеби ауданы	7 714	40
180	Түлкібас ауданы	6 853	37
181	Шардара ауданы	7 720	40
	Шығыс Қазақстан облысы	90 453	614

182	Өскемен қаласы	30 429	107
183	Курчатов қаласы	372	5
184	Риддер қаласы	2 700	29
185	Семей қаласы	21 371	95
186	Абай ауданы	1 036	13
187	Аягөз ауданы	4 024	39
188	Бесқарағай ауданы	889	11
189	Бородулиха ауданы	1 310	15
190	Глубокое ауданы	2 362	26
191	Жарма ауданы	1 878	21
192	Зайсан ауданы	3 104	32
193	Алтай ауданы	2 964	31
194	Көкпекті ауданы	1 900	22
195	Күршім ауданы	1 825	21
196	Катонқарағай ауданы	2 169	24
197	Тарбағатай ауданы	3 405	34
198	Ұлан ауданы	2 051	23
199	Үржар ауданы	4 620	43
200	Шемонаиха ауданы	2 044	23
201	Астана қаласы	144 769	654
202	Алматы қаласы	197 066	682
203	Шымкент қаласы	69 876	591

Ескертпе:

Кәсіпкерлерге пікіртерім жүргізу үшін респонденттер іріктемесінің сенімділігі мен репрезентативтілігін объективті бағалау мақсатында репрезентативті жиынтықтарды әзірлеу мен бағалауда тәжірибесі бар жоғары оқу орындарының ("Назарбаев Университет" дербес білім беру ұйымы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) сараптамалық пікірлері ескерілді.

Пікіртерім аз адамға жүргізілген жағдайда, іріктеме кезінде қолданылған іріктемелік жиынтық бас жиынтықты қажетті кепілдік дәрежесімен ұсыну мүмкін болатындай етіп құрылады. Іріктеме репрезентативтілігі деңгейін анықтау үшін сенімділік ықтималдығы мен сенімділік интервалының мәндері қарастырылады.

Сенімділік ықтималдығы кездейсоқ жауаптың сенімділік интервалына қаншалықты ықтималдықпен түсетіндігін көрсетеді. Сенімділік ықтималдығы неғұрлым жоғары болса, іріктеу дәлдігі соғұрлым көбірек болады.

Сенімділік интервалы (қате деп түсініледі) жауаптар түсуі мүмкін таңдалған нүктенің екі жағындағы үлестіру қисығының бір бөлігін анықтайды. Сенімділік интервалы неғұрлым төмен болса, іріктеу қателігі соғұрлым төменірек болады.

95% сенімділік ықтималдығымен және 1% сенімділік интервалымен барлық ШОК субъектілері бойынша репрезентативті іріктеме айқындалған, мұнда бас жиынтық 1 357 311 субъектіні құрайды.

"Назарбаев Университет" дербес білім беру ұйымының сараптамалық қорытындысына сәйкес 203 елді мекен және Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің салалары бөлінісінде жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілері бойынша репрезентативті іріктеме құру шеңберінде мынадай қадамдар жасалды:

